



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КҰСПОРНЫ**

2026 жылғы ҚАҢТАР бойынша Қазақстан аумағы климатының ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГІ

*Қазақстан аумағындағы ауаның орташа айлық температураның және
айлық атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Астана 2026

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы қаңтарда орташа айлық ауа температурасы **климаттық нормадан жоғары да, төмен де болды.**
- 2026 жылғы қаңтарда атмосфералық жауын-шашын **климаттық нормадан төмен болды.**

Шығарылымға жауапты:

Ә. Жақып – F3O K3Б жетекші ғылыми қызметкері

Н. Абдолла – F3O K3Б жетекші инженері


ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Жыл сайынғы ауа температурасының орташа кезеңінде **2026 жылдың қаңтары** климаттық нормадан $+0,74^{\circ}\text{C}$ -қа асып, күрт аномалиялармен сипатталмады. Нормадан ауытқудың ұқсас мәндері бақылаудың барлық кезеңінде бірнеше рет байқалды.

Зерттелетін кезеңнің бірінші жартысында (1940 – 1980-ші жж.) теріс ауытқулар басым болды, көбінесе -3°C -тан асады, бұл XX ғасырдың ортасында қаңтардың суық климаттық жағдайларын көрсетеді.

1980 жылдардың аяғынан бастап жылынудың тұрақты үрдісі байқалады, содан кейін теріс аномалиялармен мерзімді түрде ауысады. 2000 жылдардан бастап оң аномалиялар жиі және қарқынды бола бастады.


Ұсынылған суретте Қазақстанның климаттық жүйесінің жылы қаңтар жағдайларына қарай жылжуын айқын көрсетеді және болып жатқан өзгерістердің, әсіресе соңғы екі онжылдықтағы орнықты сипатын көрсетеді (1-сурет).



1-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған қаңтар айының ауа температурасы ($^{\circ}\text{C}$) ауытқуларының уақыттық қатарлары.

Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

Қаңтарда ел аумағындағы орташа айлық ауа температурасы нормадан төмен де, нормадан да жоғары да болды (2-сурет). $1,0$ -ден $4,9^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі оң аномалиялар негізінен елдің орталық, шығыс және оңтүстік бөліктерінде байқалды. Алматы облысының №4 ауыл және Күйген ($4,9^{\circ}\text{C}$) метеостанцияларында ең жоғары аномалиялар байқалды. Теріс аномалиялар Қазақстанның солтүстік және батыс облыстарында байқалды ($-1,0$ -ден $-2,9^{\circ}\text{C}$ -ге дейін). Ең төменгі аномалиялар Солтүстік Қазақстан облысының Явленка және Чкалово метеостанцияларында байқалды ($-2,8^{\circ}\text{C}$).




2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы қаңтардағы орташа айлық ауа температура ($^{\circ}\text{C}$) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

2026 жылғы қаңтар айы, ұзаққа созылған төрт жылдық оң аномалиядан кейін, климаттық нормадан төмен жауын-шашын мөлшерімен сипатталып, $-4,52$ мм көрсеткішке ие болды.

Зерттелетін кезеңнің бірінші жартысында (1940 – 1980-ші жж.) жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары негізінен теріс ауытқулармен сипатталды. 1980-жылдардың аяғынан бастап аномалиялар таралуының оң мәндері жиі көрініс тапты, алайда жауын-шашын тапшылығы байқалатын жекелеген жылдар кейінгі онжылдықтарда да сақталды (3-сурет).

Көрсеткіштің теріс және оң мәндерге қарай ауытқуы зерттеу кезеңінде тұрақты болып табылады.



3-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша қаңтардағы жауын-шашынның кеңістіктік орташаланған (%) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

Айлық негізде атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің жылдық ағымында 2026 жылғы қаңтар айы аумақ бойынша жауын-шашынның біркелкі емес таралуымен ерекшеленді (4-сурет).


120-200 % немесе одан да көп жауын-шашын мөлшері Батыс Қазақстан аймағының батыс және шығыс бөлігінде байқалды. Елдің солтүстік бөлігінде жоғары мәндер Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, сондай-ақ Ақмола облысының кей жерлерінде тіркелді. Артық ылғалданудың жергілікті ошақтары Қарағанды облысы мен Ұлытау облысының орталық аудандарында, Шығыс Қазақстан облысының қиыр солтүстігінде, сондай-ақ Алматы, Жамбыл облыстары мен Жетісу облысының тау бөктеріндегі

аудандарында байқалды. Жауын-шашынның ерекше артуы Түркістан облысының оңтүстігінде және Қызылорда облысының едәуір бөлігінде байқалды.

Жауын-шашынның көп мөлшері Ганюшкино метеостанциясында тіркелген (Атырау облысының батысы) – 32,3 мм, бұл норманың 376 % құрады. Аталған көрсеткіш 95-100 %-дан аспайтын «экстремалды ылғалды» категориясына жатады.

Сонымен қатар, елдің бірқатар аудандарында жауын-шашын мөлшері норманың 80 % -дан, кей жерлерде норманың 20 %-дан, тіптен 10 %-дан аз көрсеткішін құрады. Жауын-шашын тапшылығы Батыс Қазақстан өңірінің солтүстік және орталық бөліктерінде, солтүстік өңірдің солтүстік-батыс және оңтүстік аудандарында, сондай-ақ Қарағанды мен Ұлытау облысының солтүстік және оңтүстік аудандарында байқалды. Шығыс өңірде төмен мәндер негізінен тау бөктері мен таулы аудандарда, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының оңтүстігінде тіркелді. Елдің оңтүстігінде жауын-шашын тапшылығы аумақтың (Алматы, Жамбыл және Жетісу облыстары) көп бөлігінде байқалды.

Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік бөлігінде, Жетісу облысының орталық аудандарында (сондай-ақ Алакөл көлі маңында), Балқаш көлінің маңында (Алматы облысы), сондай-ақ Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарының оңтүстігіндегі 8 метеостанциялардың деректері бойынша бір ай бойы жауын-шашын болған жоқ, соның салдарынан аталған аудандарда қаңтар айы экстремальды құрғақ айлардың 5%-на кірді.



4-сурет. 2026 жылғы қаңтардағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)